

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК-де
өткен қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Өткен күні: 08.06.2022ж

Өткен уақыты: 12.⁰⁰

Өткізілген орны: «STEM» кабинеті

Қатысқан кеңес мүшелері:13

Қатыспағандар:0

Бақылаушы: Казкенов Ердәулет Серікханович (Білім саласын бақылау департаменті өкілі)

Күн тәртібінде:

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №93 мектеп-лицей директоры бос лауазымына орналасуға келген үміткерлермен танысу және үміткерлердің даму жоспарын тыңдау.

Тыңдалды:

№93 мектеп-лицей қамқоршылық кеңес төрағасы Хамит Айдар Дулатұлы сөз сөйледі. Өз сөзінде Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының сайтында 2022 жылғы 20 мамырда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директоры лауазымына конкурс жарияланғандығын айтып өтті. Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары педагогтерін лауазымға дайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директоры бос лауазымына орналасуға үміткерлер тізімін хат арқылы жолдаған екен. Олар: 1) Нүсіпжан Жеңіскүл Темірханқызы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директорының міндетін атқарушы. 2) Тлебалганова Динара Нурмухамедовна, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Кеңес отырысында екі үміткердің даму жоспарын тыңдап, кеңес мүшелері оларға сұрақтар қоя алатынын ескертті. Үміткерлерге өзін таныстырып, даму жоспарын қорғауда 5 минут уақыт берілетіндігі ескерілді. Бірінші сөз кезегі Нүсіпжан Жеңіскүл Темірханқызына берілді.

Нүсіпжан Жеңіскүл Темірханқызы: Қайырлы күн, қамқоршылық кеңес төрағасы және кеңес мүшелері. Менің педагогикалық өтілім 35 жыл. 35 жылдың ішінде білім саласында еңбек етіп келе жатырмын. Мамандығым бастауыш сынып мұғалімі және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Магистратураны мемлекеттік жергілікті басқару мамандығы бойынша тәмамдағанмын. Бүгін №93 мектеп-лицейінің директоры лауазымдық қызметіне өзімнің кандидатурамды ұсынып, сіздердің алдарыңызда жалпы мектептің даму жоспары бойынша сөз қозғағым келеді. Кез келген мектеп басшысы мектепті әрі қарай дамыту үшін мектепке SWOT талдау жасауы керек. Мектепті қай жағынан дамытамыз? Мектептің қай жағы басым? Қай жағына баса назар аударуымыз керек деген сауалдарға жауап беру үшін мектепті зерделеу керек. Бұл - жаңа мектеп. Мектеп бола тұра шаруашылық құқығын жүргізу мекемесі. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында көптеген мектептер осы бағытта ашылып жатыр. Бұл мектепке үлкен мүмкіндіктер береді. Болашақта мектепті қалай дамытуға болады деген сауалға ойлана келе мектепке талдау жасап алдым. **Бірінші** - мен мектептің мықты жақтарын анықтадым. Ол – мектептің жаңа болуы, пән кабинеттерінің және лаборатория кабинеттерінің жеткілікті болуы, сонымен қатар оқушыларға шабыттататын орта құруға мүмкіндігінің болуы. Мектептің жобасы (проектісі) өте жақсы салынған екен. Мектептің мүмкіндіктері осы жақсы жақтарын ала отыра оқушыларға сапалы білім беру, мектептің бет-беделін (имиджін) дамыту. Қала бойынша оқушыларды қосымша біліммен қамту – күттірмейтін мәселе. Себебі, балалар мектепке білім алғаннан кейін, түстен кейін оқушылардың бос уақытын қосымша білім алуға тартуды дұрыс деп санаймын. Өйткені, көп ата-аналардың қосымша білім ғимараттарына берулеріне барлығының қаражаттары жете бермейді.

Үшіншіден, бұл білім саласында жаңа технологияларды ұжым болып іздеу. Әрбір мектептің білім сапасын көтеру, білім стандартты меңгерту. Егер де білім сапасы осы Қазақстандық деңгейде немесе өз деңгейімізде қала беретін болсақ, озық тәжірибені пайдаланбайтын болсақ, шет мемлекеттің тәжірибелерін зерделеп, керегін алып пайдаланбайтын болсақ сәл де болса артта қалып қоюымыз мүмкін. Сондықтан, мен білім сапасын жоғары көтеру үшін Қазақстандық, шет мемлекеттердің озық технологияларын, озық әдіс-тәсілдерді зерделеп, бағыт-бағдар жасай отырып, ұжым болып осы шешімдерді іске асыратын боламын. Ел бола тұрып, Қазақстанға шет ел білімін кіргізіп жіберу емес, оны зерделеп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызға зияны жоқ па қарай отырып, енгізген дұрыс деп ойлаймын. «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы, жоғары оқу орындарымен байланыс орната отырып, біз оқушылармен қоса мұғалімдердің де заман талабына сай әрбір ұстаздың білімін жетілдіруге барлық мүмкіндікті жасауымыз керек. Әдістемелік құралдар, оқу сапасына болсын, мейлі тәрбие саласына болсын, кез келген мектептегі жұмысты ұйымдастыру, жалпы білім бағдарламаларын іске асыру кезінде біздің Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жұмыс жасайды, сондықтан тікелей осы академиямен жұмыс жасау өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтауына, оны бөлісуіне барлық мүмкіндіктерді жасау керек. Мектептің осы мықты жақтарымен қоса мектептің әлсіз жақтары да анықталынды. Бұл - мектептегі кадр мәселесенің тапшылығы. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша кадр тапшы. Бұл мәселені де мен зерделедім. Гуманитарлық колледжді жылына 500-600-ге жуық студент аяқтайды екен. Олар бастауыш сыныпта информатика пәнінің мұғалімі, бастауыш сыныпта ағылшын пәнінің мұғалімі, педагогика-психология мамандығы бойынша бітіреді екен. Осы 500-600-ге жуық кадрды Нұр-Сұлтан қаласындағы 94 мектепке бөлетін болсақ, әр мектепке 5 мұғалімнен кетуі мүмкін және олар әр түрлі пән. Болашақта егер де кадр мәселесі шешілмеген жағдайда мен Қарағанды қаласында, Павлодар қаласында педагогикалық университет бар, осы университеттермен тікелей меморандумға отырып, ол меморандуммен жұмыс жасау үшін жан-жақты жұмыс жасауды қолға алар едім. Бұл университеттерден қалай шақырасыз деген сұрақ туындауы мүмкін, оған жауап бұл университеттер шаруашылық жүргізетін мекемелер. Осы университеттің студенттерін практикадан осы жерден өтуіне барлық жағдайды жасап, шақыруға мүмкіндік бар. Бұл әлсіз жақтың кадр мәселесін шешетін тұсы деп түсінемін. Мектептің келесі әлсіз жағы - мектептің материалдық-техникалық базасының тапшылығы. Қазіргі таңда мектеп тек интербелсенді тақта мен оқушыға керекті тақта, партамен ғана жабдықталған екен. Ал, мұғалімдерге арналған шкаф, оқушылардың киімін ілетін шкаф жоқ екен. Мектепке келген әрбір оқушы жақсы көңіл-күймен қуанып кіруі керек, мектептің шаруашылық жұмысын жүргізу ата-аналардың сұранысы арқылы мектепте ақылы түрде ағылшын, ақылы түрде математика сыныптарын немесе балаға керекті қосымша сабақтарды жүргізу арқылы мектепке кішкене қаражат жинақтау, демеушілерді (спонсор) тарту, жергілікті басқармадан қаражатты дер кезінде сұрау, нақтылы неге керек екенін осы қамқоршылық кеңес мүшелерімен, ата-аналармен бірлесе отырып сұранысты дайындап, жергілікті басқармадан алып дайындауға болады. Бұл материалдық базаны 1 жылдың көлемінде шешуге болады деп ойлаймын. Ең қиын нәрсе бұл-қауіп. Бұл мұғалімдердің тұрақты мекен – жайының жоқтығы, кез келген білім мекемесінде кездесетін жағдай. Жанадан бітірген жас мамандардың елордада пәтер жалдап тұруы қымбаттырақ болғандықтан мұғалімдердің мектепте тұрақтамауы өте жиі кездеседі. Сондықтан жас маманның көбірек сағат алуына мүмкіндік жасау және оған көтермелеп сыйақы беру арқылы жас мамандардың мектепте қалуына барлық жағдай жасауға мектептің мүмкіндігі бар. Жалпы мектепте қазіргі күні интернет желісі дұрыс қойылмаған, интернет желісіз ақпараттандыру заманында бұл өте қиын деп ойлаймын. Міне, мектептің жақсы жақтары, әлсіз жақтары, мүмкіндіктері, қауіп бар жақтарын өз деңгейімде мен қалай шешу керектігіне тоқталдым. Кез келген мекеменің басшысы алдына ертеңгі елдің болашағы келіп тұрғандықтан, мектепке кірген ата-ана, оқушы, мұғалімге мектептің миссиясы болу

керек деймін. Мектеп миссиясын ұжым болып, талдап, шешу керек. Дегенмен қазіргі таңда бұл мектептің миссиясын «Мектеп – мен шабытттанатын орта» деп алдым. Мектепке келген бала тек қана білім алып қана қоймай, ол шабыттана алатын орта болу керек. Мектептің миссиясын Абай Құнанбаевтың бес идеясы арқылы жүзеге асырғым келеді:

1) Талап - күнделікті алған теориялық білімін талаптану арқылы тиімді пайдалану жолын үйренеді;

2) Еңбек - мұғалім де ата-ана да, оқушы да алға қойған мақсаты арқылы жоспарланған іс-әрекетті жасауға еңбектенуі керек;

3) Терең ой - дағдылар арқылы игеру үшін ізденеді, зерттейді, олимпиада, ғылыми жұмыстармен айналысады;

4) Қанағат - белгілі мақсатқа жеткенге дейін, ой дағдылар арқылы машықтанғаннан кейін өзінің күшті және әлсіз жақтарын оқушы түсініп, рухани дами алады;

5) Рақым - жан-жақты дамып, құндылықтарды меңгеріп қоршаған органы жақсартуға атсалысатын азамат және сапалы білім беретін ұстаз болады деп ойлаймын. Мектеп миссиясын мен осылай жеткізгім келеді, оқушы сабақтан кейін бос уақытында сурет салғысы келетін шығар, ән айтығысы келетін шығар, спортқа барғысы келетін шығар, мүмкін шахмат ойнағысы келетін шығар, осы орайда ұлттық құндылықтарға негізделген клубтар ашу: тоғызқұмалақ, би үйірмесін, шахмат және т.б. Қазіргі таңда тәрбие саласын ақсатып алдық па деп ойлаймын, сондықтан тәрбие саласын қолға алып, жүйеге келтіріп «Жас сарбаз» кадет сыныптарын ашқым келеді.

Айдар Дулатұлы сөз алып, үміткерге регламент сақтауын өтінді. Кеңес мүшелерінен директор лауазымына бірінші үміткер Жеңіскүл Темірханқызына сұрақтарыңыз болса, қойсаңыздар деп сұрады. Жеңіскүл Темірханқызының осы мектепті 3-тоқсаннан басқарып келе жатқандығын білетіндігін және елеулі жұмыстар атқарылып жатқандығын атап өтті. Кабинеттерді жабдықтау, ұлттық құндылықтарға негізделген үйірмелер ашатындығын қолдай келе, лабораториялық кабинеттерді қалай іске асыратындығын сұрады.

Жеңіскүл Темірханқызы лабораториялық кабинеттерді дамыту үшін жабдыкталған физика, химия, биология, информатика пән кабинеттеріне штаттық сабақ кестесіне сай лабораторияда лаборант қызмет етуі керектігін айтты. Бағдарламаға сәйкес әрбір жылдың соңында осы пәндерге қандай құрал-жабдықтар керек екендігін анықтап алып, қыркүйекке дейін дайындап қою керектігін атап өтті. Ал, лабораториялық жұмысты мектептегі сол пәнде сабақ беріп отырған пән мұғалімі лаборантпен бірге жүргізеді, себебі теория практикамен ұштасуы керек.

Айдар Дулатұлы үміткердің берген жауабына рақметін айтып, кеңес мүшелерінен тағы да сұрақ болса қоюларын өтінді.

Мұхаммеджан Әбдіәшімұлы сөз алып, қазіргі күні мұғалімдерді жұмысқа қабылдау өзекті тақырыптардың бірі екендігіне тоқталып, мұғалімдерді жұмысқа қалай қабылдайтындығын сұрады.

Жеңіскүл Темірханқызы бұл сұраққа мектепке мұғалім қабылдағанда Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 ж. №568 бұйрық негізінде және ҚР Еңбек және халықты қорғау министрінің 22.11.2021 №432 бұйрығымен қабылдайтындығын айтып өтті. Жаңа ережеге сәйкес колледж бітірген және басқа қаладан келген ұстаздар міндетті түрде квал.тесттен өтіп, содан әрі қарай мектепте құрылған арнайы комиссия арқылы қабылданады - деді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Динара Оразбаевна мектепке дейінгі білім мекемесі ашыла ма деп сұрақ қойды.

Жеңіскүл Темірханқызы қазіргі күні мектептерде мектепке дейінгі білім мекемелері бар екендігін айтып, егер де мектепте пән кабинеттері жеткілікті болса, онда мектепке дейінгі даярлық тобын ашуға мүмкіндігі бар екендігін басып айтты. Қазір

лицейге екі даярлық тобына оқушылар қабылданып жатқандығын кеңес мүшелеріне құлақ қағыс етті.

Айдар Дулатұлы басқа кеңес мүшелерінен сұрақ жоқ болса, бірінші үміткерге алғысын айтып, директор лауазымына екінші үміткер Динара Нурмухамедовнаның кабинетке келуін сұрады. Екінші үміткерге регламент сақтауын ескертіп, сөз кезегін берді.

Тлебалганова Динара Нурмухамедовна: Қайырлы күн. Өзімді таныстырайын. Осы білім саласында 20 жылдан аса еңбек өтілім бар. Оның 8 жылында тәрбие саласын басқардым, 13 жылында оқу саласын басқардым. Таза қазақ мектебінде 3 жыл, аралас мектепте қалған 24 жыл қызмет атқардым. Келген жылдары ғана 1,2 жылдай ұстаздық етім, одан кейін директордың оқу ісі жөніндегі қызметіне ауысып, осы салада қызмет атқарып келе жатырмын. Бұл конкурсқа келуімнің себебі- осы уақыт ішінде жинаған тәжірибемді оқу-тәрбие жүйесіне беру менің адамдық, ұстаздық парызым деп есептеп, қазақ мектебінде қызмет етіп, қазақ мектебінің мәртебесін көтеру. Қазақ балаларының беделін, абыройын арттыру, рухани құндылық арқылы елімізге қызмет ететін нағыз жанашыр, ұлт жанды тұлғаларды тәрбиелеу. Бұл менің өзімнің іс-тәжірибемде болды. Алдарыңызда қазір менің сіздерге ұсынатын жоспарым- іс-тәжірибеден өткен жоспар. Өзім айтып өткендей бір мектепте 24 жыл қызмет атқарғанда балалар қазір жасап қойған затты қазір шағып тастап, төбелес, шиеленіскен ахуал қалыптасқан мектепте қызмет жасадым. Сонда осы ұлттық тәрбиені негізге алып Яссауи, Әл-Фараби бастаған, Абай, Шәкәрім ілімімен балаларды тәрбиелеуге көп көңіл бөліп, жүйелі тәрбиені жүргізу арқылы біз көп жетістіктерге жеттік. Біз үнемі айтамыз ғой әлемдік деңгейде білім береміз, білім сапасы деп оның бәрі тәрбиесіз болмайды. Тәрбиені жолға қойған кезде бұл мәселе өзінен өзі шешілді. Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек. Өзімнің даму жоспарымда мен SMART мақсат деп алдым. Адам болудың басты шарты білім-ғылымға махаббатын ояту, білімге деген құштарлығын арттыру арқылы жақсы, жаманды ажырата білуге үйрету. Адамның ойын іштен өзгертуге, Абай атқандай «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сияқты білімді ұрпақ тәрбиелеу, еңбек етуге баулу. Оқушының барлық ынта-жігерін, күш-қуатын ғылым жолына жұмсауға, еліне адал қызмет ететін әділетті жастар тәрбиелеуге пайдалы білім беру. Осы басымдықтарды біз негізге алып, бір жүйеге келтірген кезде білімге қатысты проблемалар өзі шешілді. Біздің даналарымыз айтып өткендей, жақсы ата-ана, жақсы оқушы, жақсы ұстаз үш тұғырды дамытуымыз керек. Жақсы ата-ана ол қандай? Ол өз баласын дұрыс тәрбиелей алатын, қиянатшылыққа бармайтын, яғни тұлға деп қарауымыз керекпіз. Рухани дамымағанда бала өмірден түніледі, бұзықтыққа барады. Ата-ана соған мән беруі керек деп ойлаймын. Ал мұғалім алдына келген баланы бөліп жармай оны жақсы көре білуі керек. Дарынсыз, қабілетсіз бала болмайды. Әр баланың қабілетін, дарынын ашатын ұстаз. Мысалы, сурет салатын балаға көрме ұйымдастырып беруге болады, аукцион жасап беруге болады немесе ән айтатын оқушыға жеке өз шығармашылық кешін ұйымдастырып беруге болады. Сонда басқа оқушылар үлгі тұтып, солай өнерге тартылады. Спорттан жеңіп келген жеңімпазды құрметтеп қарсы алып, жариялап көрсететін болсақ басқа оқушылар да спортқа бейім болатын еді. Және сол үйірмелерге көп оқушылар қатысып кеткендігіне куә болдым. Ата-аналарға да түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер де өткізіліп жатады. Мұғалімдер оқушы жүрегіне жол таба білуі керек. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болады. Оқушылардың білім алуына, шығармашылықпен дамуына жайлы орта қалыптастырады. Бізде «Дарын», «Шешіре», «Іскерлер», «Дебат» және тағы басқа өте көп клубтар жұмыс жасайды. Факультативтер, таңдау пәндері барлығы баланың рухани дамуына бағытталуы тиіс. Сонда еркін ойлы, қайратты, уәдеге берік, достықты бағалайтын, ұйымшыл, талантты, ұлтжанды тұлға қалыптасады деп санаймын. Мектепте махаббатың иісі аңқып тұруы керек. Бала мектепке махаббатпен келуі керек.

Айдар Дулатұлы сөз алып, екінші үміткерден регламентті сақтауын өтінді. Мектептің техникалық пәндерге басымдық берілгендігін атап өтіп, жоспарыңыз бойынша техникалық бағытта қандай ішаралар жүзеге асырар едіңіз деп сұрады.

лицейге екі даярлық тобына оқушылар қабылданып жатқандығын кеңес мүшелеріне құлақ қағыс етті.

Айдар Дулатұлы басқа кеңес мүшелерінен сұрақ жоқ болса, бірінші үміткерге алғысын айтып, директор лауазымына екінші үміткер Динара Нурмухамедовнаның кабинетке келуін сұрады. Екінші үміткерге регламент сақтауын ескертіп, сөз кезегін берді.

Тлебалганова Динара Нурмухамедовна: Қайырлы күн. Өзімді таныстырайын. Осы білім саласында 20 жылдан аса еңбек өтілім бар. Оның 8 жылында тәрбие саласын басқардым, 13 жылында оқу саласын басқардым. Таза қазақ мектебінде 3 жыл, аралас мектепте қалған 24 жыл қызмет атқардым. Келген жылдары ғана 1,2 жылдай ұстаздық етім, одан кейін директордың оқу ісі жөніндегі қызметіне ауысып, осы салада қызмет атқарып келе жатырмын. Бұл конкурсқа келуімнің себебі- осы уақыт ішінде жинаған тәжірибемді оқу-тәрбие жүйесіне беру менің адамдық, ұстаздық парызым деп есептеп, қазақ мектебінде қызмет етіп, қазақ мектебінің мәртебесін көтеру. Қазақ балаларының беделін, абыройын арттыру, рухани құндылық арқылы елімізге қызмет ететін нағыз жанашыр, ұлт жанды тұлғаларды тәрбиелеу. Бұл менің өзімнің іс-тәжірибемде болды. Алдарыңызда қазір менің сіздерге ұсынатын жоспарым- іс-тәжірибеден өткен жоспар. Өзім айтып өткендей бір мектепте 24 жыл қызмет атқарғанда балалар қазір жасап қойған затты қазір шағып тастап, төбелес, шиеленіскен ахуал қалыптасқан мектепте қызмет жасадым. Сонда осы ұлттық тәрбиені негізге алып Яссауи, Әл-Фараби бастаған, Абай, Шәкәрім ілімімен балаларды тәрбиелеуге көп көңіл бөліп, жүйелі тәрбиені жүргізу арқылы біз көп жетістіктерге жеттік. Біз үнемі айтамыз ғой әлемдік деңгейде білім береміз, білім сапасы деп оның бәрі тәрбиесіз болмайды. Тәрбиені жолға қойған кезде бұл мәселе өзінен өзі шешілді. Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек. Өзімнің даму жоспарымда мен SMART мақсат деп алдым. Адам болудың басты шарты білім-ғылымға махаббатын ояту, білімге деген құштарлығын арттыру арқылы жақсы, жаманды ажырата білуге үйрету. Адамның ойын іштен өзгертуге, Абай атқандай «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сияқты білімді ұрпақ тәрбиелеу, еңбек етуге баулу. Оқушының барлық ынта-жігерін, күш-қуатын ғылым жолына жұмсауға, еліне адал қызмет ететін әділетті жастар тәрбиелеуге пайдалы білім беру. Осы басымдықтарды біз негізге алып, бір жүйеге келтірген кезде білімге қатысты проблемалар өзі шешілді. Біздің даналарымыз айтып өткендей, жақсы ата-ана, жақсы оқушы, жақсы ұстаз үш тұғырды дамытуымыз керек. Жақсы ата-ана ол қандай? Ол өз баласын дұрыс тәрбиелей алатын, қиянатшылыққа бармайтын, яғни тұлға деп қарауымыз керекпіз. Рухани дамымағанда бала өмірден түңіледі, бұзықтыққа барады. Ата-ана соған мән беруі керек деп ойлаймын. Ал мұғалім алдына келген баланы бөліп жармай оны жақсы көре білуі керек. Дарынсыз, қабілетсіз бала болмайды. Әр баланың қабілетін, дарынын ашатын ұстаз. Мысалы, сурет салатын балаға көрме ұйымдастырып беруге болады, аукцион жасап беруге болады немесе ән айтатын оқушыға жеке өз шығармашылық кешін ұйымдастырып беруге болады. Сонда басқа оқушылар үлгі тұтып, солай өнерге тартылады. Спорттан жеңіп келген жеңімпазды құрметтеп қарсы алып, жариялап көрсететін болсақ басқа оқушылар да спортқа бейім болатын еді. Және сол үйірмелерге көп оқушылар қатысып кеткендігіне куә болдым. Ата-аналарға да түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер де өткізіліп жатады. Мұғалімдер оқушы жүрегіне жол таба білуі керек. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болады. Оқушылардың білім алуына, шығармашылықпен дамуына жайлы орта қалыптастырады. Бізде «Дарын», «Шешіре», «Іскерлер», «Дебат» және тағы басқа өте көп клубтар жұмыс жасайды. Факультативтер, таңдау пәндері барлығы баланың рухани дамуына бағытталуы тиіс. Сонда еркін ойлы, қайратты, уәдеге берік, достықты бағалайтын, ұйымшыл, талантты, ұлтжанды тұлға қалыптасады деп санаймын. Мектепте махаббатың иісі аңқып тұруы керек. Бала мектепке махаббатпен келуі керек.

Айдар Дулатұлы сөз алып, екінші үміткерден регламентті сақтауын өтінді. Мектептің техникалық пәндерге басымдық берілгендігін атап өтіп, жоспарыңыз бойынша техникалық бағытта қандай ісшаралар жүзеге асырар едіңіз деп сұрады.

Тлебалганова Динара Нурмухамедовна өз тәжірибесінде көзі жеткен логиканың өзі сөз екендігін айта келе, қиыннан қиыстыра білу деген ол екінші бірінші қолынан келмейді деп тоқталды. Математикалық бағыттағы мектепте көп жыл қызмет атқаратындығын айта өтіп, ең бірінші тәрбиеге назар аударатындығын айтты. Математикалық сағаттар қазір көп берілетіндігі, вариативті сағаттар бөлінгенде ол тереңдетіп берілу керектігіне баса назар аударды. Математиканың сағаттарын сабақ кестесінде 7,8-сабақтарға қойғанда, оқушы дұрыс қабылдай алмайтындығына тоқталды. Сабақ кестесіне сабақтардың дұрыс қойылу керектігін айтты. Өз сөзінде даму жоспарын да жүзеге асыру үшін мектепте зерттеуші топ жұмыс жасауы керектігін, бұл мектеп туралы толық білмейтіндігін, қанша бала оқитындығынан хабарсыз екендігін айтып өтті. Динара Нурмухамедовна өз сөзінде: «Мектепке конкурста түскен себебім біріншіден, таза қазақ мектебі, екіншіден осы мектепте өткен жолы тіл мәселесі көтерілгендігін құлағым шалып қалды, ал мен қазақ мектебін қолдаймын. Аралас мектепте білім алған баламен, таза қазақ мектебінде білім алған баланың таным-түсінігі жер мен көктей, рухани дамуы басқаша. Көптеген орыс сыныбында отырған балалар не қазақша, не орысша сөйлей алмайды. Аралас мектептерінде қазақ сыныбында оқитын балалардың беделі төмендеп, тілдері шұбарланғандығы байқалады. Бұл проблема. Ал, мен таза қазақ мектебін қолдаймын. Еліміздің жүрегі астанада қазақ мектептері көптеп ашылу керек. Біз өзіміздің қазақ мектептері арқылы қазақ тілінің мәртебесін арттырамыз», - деп сөзін аяқтады.

Айдар Дулатұлы кеңес мүшелерінен сұрақ бар болса, сұрақтар қоюын сұрады.

Акку Кенжибаевна қазақ мектептерін дамыту үшін қандай үйірмелер болуы керек және ол ақылы ма, ақысыз бола ма деп сұрақ қойды.

Тлебалганова Динара Нурмухамедовна өзінің мектебінде оқушылардың қызығушылығы бойынша үйірмелер тегін жүргізілетіндігін айтты. Үйірмелерді жүргізу үшін мұғалімдерді дайындықтардан өткізетіндігіне тоқталды. Республикалық, облыстық байқауларда осы үйірме оқушылары мектеп беделін көтереді, - деді.

Айдар Дулатұлы осы үйірмелерді жүргізу үшін мұғалімдер тегін өткізе ме, әлде ақылы өткізе ме деп сұрады. Себебі, мұғалімнің бұл уақытын алатындығын айтты.

Тлебалганова Динара Нурмухамедовна бұл үйірмелер вариатив есебінен, бағдарламалары бойынша ақылы жүргізуге болады, - деді. Болашақта мұғалім лауазымдық қызметтің қарай (оқлад бойынша) еңбек ақы алатындығын айтып, өз сөзін аяқтады.

Айдар Дулатұлы Динара Нурмухамедовнаға рақметін айтып, кеңес мүшелерінен екі үміткердің даму бағдарламасын тыңдағандығын ескере келе, өз ойларын ортаға салуларын өтінді. Кеңес төрағасы ең бірінші өз ойын ортаға салды. Жеңіскүл Темірханқызы мектеп ашылғаннан бері осы мектепте директордың міндетін атқарушы болып жұмыс істеп келгенін және мұғалімдермен, ата-аналармен жұмысты бастап кеткендігінің куәсіміз дей келе, Ж.Темірханқызының даму жоспары жүйелі екендігін атап өтті. Сондай-ақ мектепке қатысты барлық ақпаратты Ж.Темірханқызының біліп тұрғандығы, сұрақтарға нақты жауап бергендігін ескеруіміз керек, - деді. Екінші үміткер Динара Нурмухамедовнаның да даму жоспарына тоқталып, басшылық қызметте тәжірибесі аз екендігін, тәрбие, оқу саласын жақсы айтқанымен осы мектеп жайлы әлі таныспағандығын, білмейтіндігін алға тартты. Мұғалімдерге тегін үйірмемен жұмыс істейді дегеніне келіспейтіндігін, ол мұғалімге артық салмақ түсіретіндігін, мұғалімге жағдай жасалу керектігін баса айтты. Келер оқу жылында үлкен жоспар тұрғандығын, бала санының артуын айта келе үлкен тәжірибелі басшы керектігіне тоқталды. Жеңіскүл Темірханқызының тәжірибесі мол екендігін ескеріп, осы лауазымға лайықты деп санайтындығын айтып, басқа кеңес мүшелеріне сөз берді.

Сабира Сәулебековна екінші үміткер мектеп басшы болмағандығы байқалатындығын айтып, жаңа мектепке тәжірибелі басшы керектігіне тоқталды: «Екінші үміткер ұжымы қалыптасқан мектепте басшы бола алады, ол кісіге жаңа мектепті басқару

қиындау болады деп ойлаймын. Және Жеңіскүл Темірханқызы білім саласында өзіндік орны бар білікті басшы екендігін сырттай біліп жатырмыз» -деді

Акку Кенжибаевна: «Екінші үміткер аралас мектепте жұмыс істегендіктен казак мектебі мен аралас мектебінің айырмашылығын өте жақсы анықтап тұр. Ал, Жеңіскүл Темірханқызы мектеп миссиясын нақты қойып, мектептің әр түрлі әлсіз, қауіп жақтарының шешу жолдарын нақты көрсете білді. Өткен жолы да осы мектепте тіл мәселесі, орыс сыныптары ашылсын деген мәселе де көтерілген кезде Жеңіскүл Темірханқызы ата-аналарға нақты да ұтымды жауап беріп отырды. Және оқушыларға көп көңіл бөлетіндігі көрініп тұр. Екінші үміткер көбінесе гуманитарлық бағытқа аса назар аударуда. Ал, біз лицей болғандықтан бізге лицей жағынан бағыттардың дамуы керек. Екі үміткер де өз даму жоспарларын әкелген, маған екеуі бірдей сияқты, біреуі артық, біреуі кем деп айта алмаймын. Тәжірибе де уақыт өте келеді. Тәжірибесі жоқ, сосын жана мектепке директор бола алмайды деп айта алмаймыз. Ол кісінің де өзіндік даму жоспары бар», -деді.

Айдар Дулатұлы сөз соңында дауысқа салу керектігін айтып, кеңес мүшелерінен қолдаушы үміткерге қол көтеру керектігін ескертті.

Қатысушы қамқоршылық кеңес мүшелерінің 13-і бірінші үміткер Жеңіскүл Темірханқызын қолдайтындығын айтып, қолдарын көтерді. Екінші үміткер Динара Нурмухамедовнаға кеңес мүшелерінің біреуі ғана көтерді. Бейсенбаева Акку Кенжибаевна екі үміткерді қолдайтынын айтып, екі үміткерге де қолын көтерді.













Ұсыныс: Қамқоршылық кеңес мүшелері екі үміткерді дауысқа сала отырып, басымдық көрсеткен үміткер Нүсіпжан Жеңіскүл Темірханқызын «№93 мектеп-лицейіні» директоры бос лауазымдық қызметіне ұсынды.

Хатшы



Ускенбаева Г.А.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
директоры бос лауазымына орналасуға үміткерлердің даму
бағдарламасын тыңдаған кеңес отырысына қатысушылардың
тізімі және қолы

1. Хамит Айдар Дулатұлы 
2. Ғалымжанов Баянғали Ғалымжанович 
3. Досжанова Сабира Сабырбекқызы 
4. Мұхаммеджан Әбдіәшімұлы Болысбек 
5. Атыбай Болат Қожанұлы 
6. Абдрахыман Данегул Базарбайқызы 
7. Утегенов Динара Оразбаевна 
8. Бейсенбаева Акку Кенжибаевна 
9. Каракулова Алия Асхатовна 
10. Дюсембеков Алия Халиллолаевна 
11. Калабаева Жания Тоқтаровна 
12. Торжанова Гюльдана Суиндыковна 
13. Дүйсетай Шұғыла Ақылбекқызы 